



«МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ»

Тулектерге мамандық таңдауда бағыт көрсетіп, қызғы мен шығары қатар жерлері денсаулық сақтау саласы жайлы мағлұмат беру мақсатында Б.Қалдасбаев атындағы мектепте «Косп-фест» атты медицина саласы қызметкерлерімен кездесу өтті.

12 бем



ГЛАВНЫЙ ПРИЗ ПЕРЕШЕЛ ИЗ УКРАИНЫ В КАЗАХСТАН

Оригинальным способом представлять студенческие таланты отличится Костанайский педагогический колледж. Здесь в третий раз проводится творческий конкурс по аналогии с «Евровидением». Он получил название «StudentVision», а участие в нем приняли студенты трех колледжей.

стр. 13

## Жатақхана тынысы



**Ұядан ұшып, жаңа өмірге жолдама алған әрбір жеткіншек студент атанғанмен, келешегіне кең даңғыл жол көрсетер ұстаз тәрбиесі жалғаса бермек. Қоғамға белсене араласып, шым-шытырық дүниенің шымылдығынан әлем атты кеңістікке адымдап, қоғамның толыққанды мүшесіне айналу үшін ұстаз мейірімі мен кеңесі әлі де керек-ақ.**

Осындай келелі мәселелердің шешілуіне жол ашу – ұстаздық борышым деп есептеймін. Арқалық политехникалық колледжіне қарасты жатақханада қаламызға қарасты төрт оқу орынының студенттері тұрады. «Жатақхана – өз үйін» демекші, онда студенттердің күнделікті жайлы тұрмысы үшін қолайлы жағдай жасалған.

Атап айтсақ, ас-су әзірлеп ішетін бөлмелер, кір жуағын және жуыну бөлмелері, сабаққа дайындалу залы және қажетті заттармен де қамтылған. Ал негізгі міндет –

жатақхана тәртібін сақтап, әрбір студент бөлмесіне өз үйіндей қарап, тазалық сақтауы. Аталған мәселелердің шешімі – тәрбиелік мәні бар мәдени шараларда екені айтпаса да түсінікті. Себебі, жатақханада тұратын студенттер қауымын бір үйдің баласындай тату-тәтті ғұмыр кешуге үндеуде аталмыш шаралардың берері мол.

Ол жас жеткіншектерді бір-бірін құрметтеуге, сондай-ақ, қабілетті жастардың дарынын дамытуға үлес қосады. Мәдени шаралар – студентті белсенділікке бейімдеумен қатар, жауапкершілікке үйрететін бірден-бір құрал. Жоғары оқу орындарының негізі мақсаты – студенттердің жаңа өмірге жолдама алуына көмектесу болғандықтан, әр алуан тақырыпта мәдени шаралар өткізу арқылы жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру қажеттілігі белгілі. Жатақханада өтетін тәрбиелік мәні зор мәдени шаралардың дәстүрге айналуы да сондықтан.

**Сағдат САДУОВА,**  
Арқалық политехникалық колледжіні  
жатақхана тәрбиешісі

